

**"Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 242 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 167 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 шілдеде № 3787 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 142 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 30.06.2020 № 142 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27- бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 6-бабы 1 және 3-тармақтарына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 264 " Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3325 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 қыркүйекте "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес ;

6) "Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 6 - қосымшаға сәйкес бекітілсін;" ;

көрсетілген қаулының "Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген 1-қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында:

"Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары және жерді пайдалану мен қорғауды бақылау бойынша басқармасы" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан

облысының жер қатынастары басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;  
бүкіл мәтіні бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын;  
көрсетілген қаулының "Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген

2 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында:  
"Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары және жерді пайдалану мен қорғауды бақылау бойынша басқармасы" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;  
бүкіл мәтіні бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын;  
көрсетілген қаулының "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген 3-қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында:  
"халыққа қызмет көрсету орталықтарымен (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;  
бүкіл мәтіні бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын;  
көрсетілген қаулының "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген 4 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында:  
"Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары және жерді пайдалану мен қорғауды бақылау бойынша басқармасы" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы)" деген сөздермен ауыстырылсын; бүкіл мәтіні бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулының "Суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген 5 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында: "Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары және жерді пайдалану мен қорғауды бақылау бойынша басқармасы" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын; атауында және бүкіл мәтін бойынша "Суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыруға рұқсат беру" деген сөздер "Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:  
"4. Мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау"; мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті қосымшасының атауы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :  
"Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат б е р у " ;

көрсетілген қаулының "Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру шешімін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" д е г е н 6 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

атауында және бүкіл мәтіні бойынша "ауыстыру шешімін беру" деген сөздер "ауыстыруға рұқсат беру" деген сөздермен ауыстырылсын;  
4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау"; көрсетілген қаулының "Елді-мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті" деген 7-қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың 1-тармағында:  
"халыққа қызмет көрсету орталықтарымен (бұдан әрі - Орталық)" деген

сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы)" деген сөздермен ауыстырылсын; бүкіл мәтіні бойынша "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық", "Халыққа қызмет көрсету орталығымен" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация", "Мемлекеттік корпорациясымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде р е с м и ж а р и я л а н у ы н ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.Қ.Бөкенбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Атамқұлов*

*Д. А. Сатыбалды*

*Ұ. Сәдібеков*

*Е. Ә. Садыр*

*С. Қ. Тұяқбаев*

*К. Н. Мендебаев*